

**Уәлиев Д.**

**Академикке ескерткіш орнатылмақ: Бірақ оған мемлекеттік комиссияның арнайы шешімі қажет/ Д.Уәлиев// Егемен Қазақстан.-2004.-24 қараша.**

Алдағы жылдың 23 наурызында қазақтың біртуар азаматы, техника ғылымдарының докторы, профессор, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі Евней Арыстанұлы Бөкетовтің туғанына 80 жыл толады.

Қарағанды мемлекеттік университетінің алғашқы ректоры және оның негізін қалаушы, металлургия ғылымының дамуына өлшеусіз еңбек сіңірген академик Е.Бөкетовті құрметтейтін әрі білетін замандастары, бір топ зиялы қауым өкілдері Б.Әшімов, С.Қирабаев, А.Қошанов, Т.Молдағалиев оның есімі мен мұрасын мәңгілік есте қалдыру мақсатымен Қарағанды қаласында ескерткіш орнату керектігін көтерген еді. Е.Бөкетовтің ғылыми және әдеби еңбектерінің толық жинақтарын шығару, мемориалдық мұражайын мемлекеттік дәрежеге көтеру туралы ашық хат жазып, Президент Н.Назарбаевтың атына жолданған болатын. Елбасы Үкіметке тиісті тапсырма да берген.

"Е.Бөкетовтің 80 жылдығына арналған мерейтойлық іс-шаралар өткізу туралы" облыс әкімінің №198 әкімі (04.11.2004) шығарылып, ұйымдастыру комитетінің төрағасы болып, облыс әкімінің орынбасары Е.Л.Тоғжанов бекітілді.

Ғұлама ғалымның мерейтойын лайықты атап ету үшін, белгіленген жұмыс жоспары бойынша академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде бірталай маңызды шаруалар атқарылуда. Академиктің библиографиясы, 10 томдық ғылыми және әдеби еңбектерінің толық жинақтары университеттің, облыстық әкімдіктің қолдауымен жарыққа шығарылмақ. Университет ректоры Е.К.Көбеевтің басшылығымен белгілі ғалымдардан редакциялық алқа құрылды.

Университет ұжымының қолдауымен Е.Бөкетовтің мемориалдық мұражайына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Енді мерейтойды ұйымдастыру комитетінің алдында Қарағанды мемлекеттік университетінің бас ғимаратының аумағында академик Е.Бөкетовке ескерткіш орнату мәселесі күн тәртібінде тұр.

Қазіргі уақытта академикке арналған ескерткіштің жобасы дайын. Авторы — Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мүсіншісі А.П.Билык. Ол — Қарағанды-Теміртау қалаларындағы Шахтерлер даңқы мен Металлургтерге арналған монумент ескерткіштердің авторы. Суретшілер одағы облыстық ұйымының Т.Досмағамбетов атындағы көркем өндірістік кешені өзінің өнімдерімен, керамикалық, мүсіндеу құю цехтарымен елімізге танымал. Бір сөзбен айтқанда, мерейтойға дейін ескерткішті орнатуға қалалықтардың мүмкіндігі жетеді.

Осыған орай Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінен біз ескерткіш жобасын Мемлекеттік комиссияның жиналысында қарап бекітіп, оны дайындауды Қарағанды қаласының мүсіншілеріне сеніп тапсыруды сұраймыз.

Buketov university